


**Педагогикалық үрдісті басқарудың  
сыртқы факторлары. Басқару  
объектісінің ішкі ахуалы және оны  
талдау**


**Дайындаған: Шәмшат Толқын  
Нуркеева Нигара**

**Педагогикалық үрдісті басқару** – қойылған мақсатқа сәйкес шешім қабылдау, ұйымдастыру, бақылау, басқару объектісін зерттеу, алынған ақпараттарды талдау және қорытындылау іс-әрекеті болып табылады.



**Басқару объектісі** биологиялық, техникалық, әлеуметтік жүйелер бола алады. Білім беру әлеуметтік жүйеге жатады және елдің, өлкенің, облыстың, қаланың және ауданның аумағында қызмет етеді. Сондықтан басқару субъектілері министрлік, облыстық, қалалық, аудандық білім беру басқармалары болып бөлінеді.

Жалпы білім беретін мектептер күрделі динамикалық жүйе ретінде **мектепшілік басқару объектісі** болып табылады.



**Мектепшілік басқару** – тиімді нәтижелерге қол жеткізу мақсатында тұтас педагогикалық үдерістің объективтік заңдылықтарын тануға негізделген оған қатысушылардың мақсатты, саналы өзара әсерлесуі.

**Тұтас педагогикалық үдеріс қатысушыларының оны басқарудағы өзара әсерлесуі өзара байланысты:**  
педагогикалық талдау, мақсат қою және жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу мен түзету тәрізді әрекеттер мен функциялардан тұрады.

**Басқару объектісі ретінде** келесілер алынуы мүмкін: биологиялық жүйе, табиғи орта, адамдық өркениет, әлемдік экономика, мемлекет, оның экономикасы, аймақ, сала, кәсіпорын адамдардың ұжымы, жанұя, жеке адам, техникалық жүйе немесе техникалық құрал, көлік, әртүрлі құбылыстар, үрдістер, ресурстар және т.с.с. Осындай объектілердің барлығы өздеріне ғана тән ерекшеліктерге ие болғанына қарамастан, оларды басқару жалпыға бірдей заңдарға, принциптерге, ережелерге және әдістерге бағынады.


## Басқару объектісі

Бұл басқарылатындардың барлығы, яғни сала, кәсіпорын, бөлімшелер және т.б.


Әр уақытта белгілі бір мақсатқа жету үшін өздерінің іс-қызметтерін үйлестіретін адамдар тобы.

Жұмыс істеуі **басқару жүйесінің** әрекеттері арқылы жүзеге асатын техника, процесс немесе адамдар ұжымы.

Басқарудың **объектісі** мен **субъектісінің** арасында тура және кері байланыс болады




**Тура байланыс** – бұл басқару объектісіне субъектіден түсетін әмір (команда).



**Кері байланыс** – бұл басқару субъектісіне объектіден әмірдің орындалғаны және оның жағдайы туралы түсетін ақпарат.

Басқару объектісі мен субъектісінің жиынтығы тура және кері байланыстармен бірге басқару жүйесін құрайды.




Басқару жүйесінде басқару объектісін **басқарылылатын жүйелілік**, ал субъектісін – **басқаратын жүйелілік** деп жиі айтылады. Басқару жүйесін бірқатар жалпы шарттары сипаттайды

Басқару субъектісі объектіге берілген мақсатқа сәйкес ықпалын жүргізеді. Бұл үшін басқарылатын жүйе бөлігі басқару объектісіне көрсетілген ықпалынан кейін оның жағдайы қандай екенін анық білуі керек.





Мақсатқа анық бет бұру үшін басқару субъектісіне объектіге ықпал көрсетілгенше және көрсетілгеннен кейінгі жағдайлары бойынша ақпарат түсіп отыруы қажет, басқаша айтқанда басқару жүйесінде тура және кері байланыс айқын түрде ұйымдастырылуы керек.





**Жүйелі тәсіл** – бұл басқару объектісін жүйе реітнде зерттеуге негізделген ғылыми танып білу және әлеуметтік тәжірибе әдістемелінің бағыты. Бұл тәсіл басқару объектісінің жағдайына және серпіндігіне ықпалын тигізетін барлық негізгі факторларды ескере отырып жүргізетін кешенді зерттеуге негізделген.





**Сонымен, педагогикалық үрдістің тиімділігін көрсететін маңызды көрсеткіштер – педагогикалық және оқушылар ұжымдарындағы моральдық-психологиялық климат, ата-аналар мен оқушылардың педагогикалық деңгейлері болып есептеледі.**